



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**

**«ЖҮЙЕЛІК КӘСПКЕРЛІК: УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ, БИЗНЕС
ПЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ КООПЕРАЦИЯСЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ
ЖАҒДАЙЫ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ»**

*Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ*

СБОРНИК ТРУДОВ

Международной научно-практической конференции

**«СИСТЕМНОЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВО: ТЕКУЩЕЕ
СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ КООПЕРАЦИИ
УНИВЕРСИТЕТОВ, БИЗНЕСА И ГОСУДАРСТВА»**

WORKS

of the International scientific and practical conference

**«SYSTEMIC ENTREPRENEURSHIP: THE CURRENT STATE
AND PROSPECTS OF COOPERATION BETWEEN
UNIVERSITIES, BUSINESS AND THE STATE»**

Нұр – Сұлтан, 2022

УДК 330
ББК 65
Ж 85

Рецензенты: вице-президент университета «Туран», д.э.н., профессор Алиев О.Ж.

профессор Евразийского национального университета им.Л.Н.Гумилева, к.э.н. Мажитов Д.М.

Редакционная коллегия

Майдырова А.Б. – д.э.н., профессор, заведующий кафедрой, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Мырзахмет Ж.К. – PhD, доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Мырзахмет М.К. – к.ф/м.н., доцент Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

Ауелбекова А.К. – к.э.н., доцент, Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, г.Нур-Султан

ISBN 978-601-337-675-2

«Жүйелік кәсіпкерлік: университеттердің, бизнес пен мемлекеттің кооперациясының ағымдағы жағдайы мен перспективалары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022. -224б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Системное предпринимательство: текущее состояние и перспективы кооперации университетов, бизнеса и государства». –Нур-Султан: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2022. -224с.

Works of the International scientific and practical conference «Systemic entrepreneurship: the current state and prospects of cooperation between universities, business and the state». - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022. -224p.

УДК 330
ББК 65

ISBN 978-601-337-675-2

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2022

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2022

© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2022

конкретных технологий менеджмента и основную роль в этом процессе должна играть высшая школа Казахстана.

Список использованных источников

1. Елохов, А.М. Управление качеством: Учебное пособие / А.М. Елохов. - М.: Инфра-М, 2018.
2. Управление качеством образовательной деятельности: Научное издание / Под ред. Н.В. Тихомировой. - М.: Юнити, 2015.
3. Закон Республики Казахстан об образовании
4. Алешина, С. А. Педагогика профессионального образования: учебно-методическое пособие по учебной дисциплине «Теория профессионального образования»
5. Берденникова Н.Г. Организационное и методическое обеспечение учебного процесса в вузе: учебно-методическое пособие / Н. Г. Берденникова, В. И. Меденцев, Н. И. Панов. -Санкт-Петербург: ДАРК, 2006
6. Гемба Кайдзен – Масааки Имаи – 2007.
7. Управление качеством / Под ред. С.Д. Ильенковой. - М.: Юнити, 2016.
8. Басовский, Л.Е. Управление качеством: Уч. / Л.Е. Басовский, В.Б. Протасьев и др. - М.: Инфра-М, 2017. – 320, 540 с.
9. Васин, С.Г. Управление качеством. всеобщий подход: Учебник для бакалавриата и магистратуры / С.Г. Васин. - Люберцы: Юрайт, 2016. - 404 с.
10. Герасимов, Б.Н. Управление качеством: Учебное пособие / Б.Н. Герасимов, Ю.В. Чуриков. - М.: Вузовский учебник, 2018. - 64 с.
11. Герасимов Б.Н., Чуриков Ю.В. Управление качеством: Учебное пособие. 2019, -97с.

ӘОЖ 33.332.1.338.49

ШАҒЫН МОНОҚАЛАЛАРДЫҢ ДЕПРЕССИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙДАҒЫ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Акбергенова А.К., Егембердиева С.М.

Akbergenova_akmaral@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Шағын моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуының бірқалыпты жағдайда еместігі оның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің теріс динамикасын тұрақты ұстап тұруынан байқалады. Мұндай динамиканың себептері әртүрлі болуы мүмкін. Көбіне сол қаланың әлеуметтік-экономикалық жағдайының нашарлауының ұзақтығы мен күрделілігіне байланысты. Экономикадағы мәселелер салдары әртүрлі салалардан көрінеді: халықтың өмір сүру деңгейі төмендеп, әлеуметтік және саяси шиеленіс күшейе түседі. Тұтастай

алғанда моноқаланың теңгерімді дамуына қауіп төнеді. Бұндай жағдайдан мемлекеттің көмегінсіз шығуы қиынға түседі [1].

Бұл мақаланың мақсаты болып Қазақстандағы халқының саны 50 мың дейінгі шағын моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуын жақсарту жолдарын, шағын моноқалалардың депрессиялық күйін анықтап, моноқалалардың құрылымы мен динамикасын салыстыра отырып, оның халқы санын, өндірістік өнім көлемін, жұмыссыздық деңгейін және жалақы мөлшерінің деңгейіне талдау жүргізілді.

Осылайша, аймақтың дағдарыстық жағдайын тудыратын негізгі себептеріне: аймақ экономикасының негізгі салаларының бәсекеге қабілеттілігінің төмендеуі; инновациялық даму жағдайының артта қалуы; сол аумақтағы негізгі кәсіпорынның басқару сапасы мен қабілетінің төмендігі, қаланың инфрақұрылымының төмендігі, инвестициялық сұраныстың қысқару және мемлекеттік тапсырыс жүйесінен бас тартуы, минералдық шикізаттың сарқылуы, елдегі құрылымдық қозғалыс жатады. Оның үстіне өңірдегі жинақталған түйткілді мәселелердің барысында экономикалық әлеуеті күйзеліске ұшырау мүмкін. Нәтижесінде уақыт өте келе белгілі бір дамыту шараларын қолданбаса, сол артта қалған аймақ депрессияға айналуы мүмкін.

Кез – келген мемлекет өзінің дамуында алға жылжып мықты әрі тұрақты болуға ұмтылады және көбірек әлсіз жақтарына көңіл бөледі. Бұл халықтың әлеуметтік және кедейшіліктің деңгейлерін жоғарлатуды қамтамасыз ету. Мемлекет тарапынан барынша қолдауды дағдарыс жағдайындағы өңірлерге әсіресе күйзеліс жағдайына ұшыраған өңірлерге ерекше назар аударуы тиіс.

Осыған байланысты мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаевтың 4 қарашада өткізген республикалық кеңесінде моноқалалардың қазіргі жағдайы мен оның даму перспективасы туралы баяндап, қазіргі моноқалалардың дамуы көңіл толтыратын күйде еместігін жеткізді. Қазақстандағы моноқалалардың тұрақты экономикалық өсуден бастап терең тоқырауға дейінгі түрлі даму перспективасы бар екенін атап өтті. Олардың кейбіреуі нарыққа бейімделе алды және өз экономикаларын әртараптандыра алды. Мысал ретінде Кентау, Екібастұз, Шығыс Қазақстан, Қарағанды облыстарының моноқалалары бола алады. Бірақ мұндай мысалдар аз екендігін атап өтті. Осы кеңесте моноқалалардың әлеуметтік-экономикалық даму кешенін құруға өңір әкімдеріне тапсырма берген болатын [2].

Қазақстанда 60-қа жуық шағын және моно қалалар, оларға халық саны 50 мың адамнан аспайтын қалалар жатады. Осы аталған жалпы қала халқы санының ішінде әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері ең нашар депрессиялық жағдайда қалалар ерекшеленеді [3].

Өңірлерді дамуына қарай депрессиялы немесе перспективалы аймақ деп қарастыруға болады. Егер қала экономикалық даму жағдайы төмен болып дамымаса, ондағы тұратын халық басқа тұрақты экономикасы бар қалаларға немесе басқа елге көшеді, ал қаланың экономикалық жағдайы нашарлайды. Бұндай моноқалаларға Арқалық, Жаңатас сияқты моноқалаларды айтуға болады.

Экономикалық тұрақсыздық жылдарында моноқалалардың көбінде қала құраушы кәсіпорындар бәсекелестікке төтеп бере алмай жабылды. Сол аралықта қала халқының күрт қоныс аударуы болды. Мысалы, халықтың 25% -дан 50%-ға дейін Курчатов, Жаңатас, Қаратау, Арқалық қалаларын айтуға болады. Курчатов пен Жаңатас – 43%, Қаратау - 35%, Степняк, Арқалық - 27%, Абай -25% жоғалтты [4]. Сондықтан жаңа жағдайда мамандануды қалыптастырудан көрі, жұмыс істеп тұрған өндірісті қайта бейімдеу арқылы оны дамытудың стратегиялық басымдықтары болуы тиіс.

Қазақстандағы моноқалаларының даму ерекшеліктері оның экономикалық, әлеуметтік, экологиялық жағдайына қарай әртүрлі дамиды. Экономикасы жағынан артта қалған моноқала Қостанай облысындағы Арқалық болып табылады. 1990 жылдары Арқалықта 100 мың қала халқы болды. Қазір жағдай бойынша қала халқының саны небәрі 30-40 мың адам. Моноқала өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығының арқасында ғана қамтамасыз етеді [5].

Арқалықтағы боксит өндірісінің кені сарқылып, оның тоқтау қаупі туындаған. Онда 800-ге жуық адам жұмыс істейді. Қала бюджетіне түсетін салықтың 11 пайызын осы кәсіпорын үлесі алады.

Кеңес заманында Жаңатас, Қаратау қаласы химия өнеркәсібінің орталығы болған. Қаратауда 1990-шы жылдарға дейін қала құраушы кәсіпорын болған, өз саласындағы ең ірі тау кен - химия комбинаты жұмыс істеді. 2020 жылы Қазақстан мен Ресей Федерациясының Үкіметі қуаты жылына 1 млн.тонна минералдық тыңайтқыштар шығаратын зауыт салу және пайдалану туралы үкіметаралық келісімге қол қойды. Жоба Қаратау бассейнінің фосфорит кен орындарын игеруді көздейді. Инвестицияның болжамды көлемі 800 млн. долларды құрайды.

Соңғы жылдары Жаңатас моноқаласында біршама даму байқалады. Қалада көшелер жөнделіп, бұзылған тұрғын үйлер жойылып, қалада жаңа инвестор келіп екінші өмір тыныс ала бастаған. Жаңатаста ЖШС «ЕвроХим-тыңайтқыш» филиалы, ЖШС «Қазфосфат» қала құраушы кәсіпорындары жұмыс істейді. Өңірлерді дамыту аясында екі зауыт ашылды, оның бірі құм қиыршық тас өндіру бойынша, екіншісі тұз өндірісі жалпы қаржыландыру құны - 960 млн. тенге. 2019 жылы Орталық Азиядағы ең ірі Жаңатас жел электр станциясының құрылысы басталды, жалпы құны – 160 млн.доллар тұратын, жұмыс істейтін адам саны - 522 адам ірі құрылыс нысаны салына бастады [6].

Шығыс Қазақстан облысында орналасқан Курчатов қаласы кеңес заманында қала халқы 50 мыңнан асатын қалада кеңес ыдырағаннан кейін күрт төмендеп, 8-9 мың дейін қысқарды. Бұл қаланың барлық инфрақұрылымы және басқа да нысандарына ауыр тиді. Көптеген тұрғын үйлер қараусыз қалды. 1991жылы Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы құрылды және ол осы қаланың қала құраушы кәсіпорыны болып саналады.

Кесте - 1. Шағын моноқалалардың әлеуметтік- экономикалық даму көрсеткіштері

Моноқала	1999	2014	2015	2016	2017	2018	2019	2020
Халық саны								
Текелі	25200	31600	32400	32700	32900	33100	33400	33500
Жаңатас	26300	21600	21556	21603	21800	22004	22364	22320
Қаратау	30200	27600	27587	27593	26904	27500	27667	27600
Қаражал	22100	19200	19100	18900	18500	18400	18400	18600
Арқалық	57200	41 650	41 873	42 428	41 604	41 354	41 371	40 369
Серебрянск	11903	9117	8889	8750	8699	8578	8429	8401
Курчатов	9300	11700	12300	12400	12400	12400	12300	12400
Өндірістік өнім көлемі, млн.тенге								
Текелі	5743,1	11 376,3	10 637,2	13 594,9	16 371,3	17 181,1	22 851,4	23867,5
Жаңатас	506,3	1 295,8	3 514,0	15 621,4	19 115,2	20 564,7	23 317,6	25 782,3
Қаратау	1214,6	6 546,7	7 079,5	10 454,8	14 286,8	17 069,3	22 594,9	22 376,6
Қаражал	4851,5	21 761,5	15 107,8	39 327,1	53 198,8	55 583,9	41 321,2	23100,4
Арқалық	1229	5 621	5 739	6 360	7 490	9 422	9 900	9 818
Серебрянск	2372,8	27 395,9	28 508,3	24 085,0	23 280,3	27 473,9	27857,5	27395,9
Курчатов	122,0	2 275,7	2 389,1	2 781,1	1 886,2	2 680,1	3 291,2	3 433,2
*Мәліметтер stat.kz алынды.								

Кесте 1-де шағын моноқалалардың 1999 жылғы әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері мен 2014-2020 жылдардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері көрсетілген.


Кестеде көрсетілгендей, 2020 жылдың статистикалық мәліметтеріне сүйенетін болсам, Текелі - 33500 адам; Жаңатас – 22300 адам; Қаратау – 27600 адам; Қаражал – 18600, Арқалық – 40 369 адам, Серебрянск – 8 401 адам; Курчатов – 2400 адам құрайды. Тіпті қала мәртебесі болу үшін қала халқы 10 мыңнан жоғары болуы тиіс. Моноқала арасында Серебрянск моноқаласы әлеуметтік-экономикалық даму жағынан артта қалған деп айтуға болады, бұнда қала халқы 2020 жылы 8 401 адамды құраса, 1999 жылы 11903 адамды құраған.

Моноқалалардың қала халқы саны Жаңатас, Қаражал, Арқалық, Серебрянск сияқты қалаларда төмендеу байқалады.

Шағын моноқалалардағы өнеркәсіптік өндіріс көлемінің мәліметтерін талдайтын болсақ, өсу динамикасы тек, Текелі қаласында байқалады. 2014-2020 жылдар аралығында өнеркәсіптік өнім көлемі оң көрсеткішті көрсетіп отыр. Қаражал қаласының өнеркәсіптік өнім көлемі керісінше азайғанын байқаймыз. Бұл қала экономикасының көптеген жылдар бойы экономикалық өндіріс технологиялары өзгермеген және қайта өңдеу кәсіпорындары ашылған жоқ. Нәтижесінде қала экономикасы құлдырауға әкеп соқты. Қарағанды облысы бойынша экономикалық өсудің неғұрлым төмен деңгейі болып келетін моноқала Қаражал болып табылады.

Арқалық, Курчатов, Серебрянск қалаларында соңғы жылдары өзгермелі, яғни тұрақсыз деп айтуға болады.

Келесі диаграммада шағын моноқалалардың жұмыссыздық деңгейі мен сол өңірдегі жалақы мөлшеріне талдау жасай отырып, жұмыссыздық деңгейі экономикалық әлеуеті жоғары моноқалаларға қарағанда жоғары. Серебрянск – 5,7%, Арқалық -5,6%, Текелі -5%, Қаражал және Жаңатас – 4,7%, Қаратау – 4,6% көрсеткіш.



Сурет - 1. Шағын моноқалалардың 2020 жылы әлеуметтік жағдайы

Жалақы мөлшерінің көрсеткіші адамдардың өмір сүру деңгейі мен сапасына тікелей әсерін тигізеді. Сондықтан келтірілген моноқалалардағы жалақы мөлшері басқа моноқалаларға қарағанда жалақы мөлшері де едеуір аз болып келеді. 2020 жылдың статистикалық мәліметіне талдау жасасақ, Арқалық қаласында 117483 тенге болса, Жаңатас қаласында жалақы мөлшері 124607 тенге, Қаратау – 132000 тенгені құрайды. Одан кейін Текелі қаласындағы жалақы мөлшері 136418 тенге. Қазіргі таңда 2021 жылдағы бір қызметкердің орташа жалақы мөлшері 243667 тенгені құрайды.

Шағын қалаларда шағын бизнестің дамуына өндірістік және тұтынушылық сұраныстың төмендігі, кәсіпкерлерде өтімді кепілдік мүліктің болмауына байланысты қаржы - кредиттік ресурстардың қол жетімсіздігі де кедергі келтіреді.

Дағдарыстық жағдайдан шығудың жолдары әрине мемлекеттің қолдауынсыз шығу мүмкін емес. Экономикасы дағдарысқа ұшыраған шағын моноқалаларды сол жағдайдан шығару үшін шаралар кешенін көздейтін өз даму бағдарламасын әзірлеу керек. Экономикасы тоқыраған шағын моноқалаларды дамытуды мемлекеттік қолдау моноқалалар үшін көзделетін шараларды іске асырудан басқа, облыстық бюджеттерге осы мақсаттарға нысаналы трансферттер бөлу арқылы жүзеге асырылады. Бұдан басқа, республикалық бюджет қаражаты есебінен қаланың инфрақұрылымын жақсартуға, ауыз – су жабдықтау, білім беру салаларына, денсаулық сақтау салалары дамытуға бөлінеді.

Өңірлер экономикасының бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу ресурстардың болуына ғана емес, көбінесе тиімді мемлекеттік, жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруға да байланысты.

Кәсіпкерлікті дамытуда мемлекеттің қарыздар бойынша пайыздарды төлеуі арқылы өндірісті жанама субсидиялауды жалғастыру немесе жеңілдікті несиелер беру маңызды. «Қарапайым заттар экономикасы» жоғары

технологиялық мамандандудың деңгейі бар шағын кәсіпорындарын құру арқылы жағдайды түзетуге көмектеседі, атап айтқанда, халық тұтынатын тауарларды шығару, жергілікті шикізаттан құрылыс материалдары. Сонымен қатар, шетелдік тәжірибеге сүйене отырып, депрессиялық өңірлерді қолайлы табиғи жағдайлары мен тарихи және мәдени ескерткіштер бар қалаларды туристік бағыттарды дамыту арқылы жандандыруға болады.

Қорыта келе, дағдарыс мәселелерін шешудің жолы, алдымен, әр шағын моноқаланың әлеуетін өз алдына әлеуметтік-экономикалық жағдайын тереңнен зерттеп алу керек. Бұл моноқалалардың болашағы қандай өндірісті дамытуға бейім екендігін анықтап алу қажет. Бұл моноқалаларда қандай жаңа өндіріс немесе қандай жаңа бағытты қолдануға болады, қандай қызметтер көрсету керектігін жете талдау жасап алып барып, сол бағытты қолға алу керек. Экономикалық саладағы прогресс неғұрлым жоғары болса, адамдардың әл-ауқаты соғұрлым жоғары болады.

Қолданылған әдебиеттер

1. Лапин А.В. Депрессивные территории Пермского края: идентификация и совершенствование управления // Экономика, №4 (31), -2016. – С.150-163.
2. <https://www.akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-provel-respublikanskoe-soveshchanie-po-razvitiyu-monogorodov-4102835>
3. Султанова К.Т. Особенности развития региональной экономики в Республике Казахстан // Педагогическая наука и практика, -№4 (30), -2020. –С.58-61.
4. Канатпаева А.А. Методологические основы типологии и классификации малых городов // Финансовая аналитика, -№ 13 (37), -2010. – С.73-78.
5. <https://365info.kz/2021/09/net-depressivnyh-rajonov-est-nekompetentnye-chinovniki-obzor-kazsmi>
6. В Казахстане началась строительство крупнейшей в Центральной Азии ветряной электростанции. Электронды ресурс: <http://russian.people.com.cn/n3/2019/0717/c31518-9598009.html>

УДК 330.1

НАУКОЕМКОСТЬ КАК УСЛОВИЕ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ

Арын Абай Мұхтарұлы

aryn_abai@bk.ru

Докторант специальности «Экономика», ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, Казахстан

Андропова Инна Витальевна

д.э.н., профессор Российского университета дружбы народов,
г. Москва, РФ